

8D07202 – «Тау-кен ісі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған «Тау жыныстарының қатпарлы сілеміндегі техногендік ашылымдарының параметрлерін геомеханикалық негіздеу» тақырыбындағы Жунусбекова Гаухар Жумашевнаның докторлық диссертациясына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/ н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі (жауаптардың біреуін белгілеу қажет)	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын жоба шеңберінде орындалған 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми- техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссиясымен бекітілген «Табиғи, оның ішінде су ресурстарын ұтымды пайдалану, геология, қайта өңдеу, жаңа материалдар мен технологиялар, қауіпсіз бұйымдар мен конструкциялар» атты басым бағытқа сәйкес келеді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады /қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған /ашылмаған.	Жунусбекова Г.Ж. жұмысы қатпарлы сілемдердегі серпімсіз деформация аймақтарын модельдеу арқылы алынған нәтижелер тау-кен қазбаларын бекітудің жаңа ғылыми негіздерін қалыптастырады және өндірістік міндеттерді шешуге нақты ұсыныстар береді.

3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Жунусбекова Г.Ж. диссертациясы ғылыми зерттеу жүргізудің барлық талаптарына сәйкес өз бетінше орындалған авторлық жұмыс болып табылады. Бұл оның зерттеу нәтижелерінің жетекші ғылыми журналдарда жариялануымен, сондай-ақ халықаралық конференцияларда баяндалып, тікелей ғылыми қауымдастықпен талқылануымен дәлелденеді. Автордың зерттеу барысындағы белсенділігі мен ғылыми материалдарды мазмұнды түрде баяндауы жұмыстың жоғары деңгейде орындалғанын көрсетеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі кіріспе бөлімде және бірінші тарауда жан-жақты ашылып, өндірістегі өзекті мәселелер ғылыми тұрғыдан толық негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияның мазмұны тақырыпқа толық сәйкес келеді және зерттелетін мәселенің мәнін жан-жақты ашып көрсетеді. Жұмыста келтірілген ғылыми және тәжірибелік нәтижелер бір-бірімен үйлесімді реттеліп берілген.
		4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Қойылған міндеттерге сәйкес диссертациялық жұмыстың құрылымы дұрыс анықталған. Зерттеу мақсаты мен міндеттері жұмыстың тақырыбына толық сай келеді.
		4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: толық байланысқан; жартылай байланысқан;	Кіріспе, зерттеу әдістері, нәтижелер, қорытынды мен ұсыныстар, пайдаланылған әдебиеттер мен қосымшалар – барлығы өзара логикалық байланысты, бірін-бірі толықтырады және диссертация тақырыбын дәйекті түрде ашады.

		3) байланыс жоқ	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Автор жаңа шешімді өз көзқарасымен жан-жақты, терең зерттеп, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтап, салыстырады. Яғни, талдау тек басқа авторлардың пікірлерін қайталау емес, автордың өз ойы мен дәлелдемелері негізінде жүргізіледі.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыста ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады. Жұмыстың ғылыми жаңалығы келесідей: - қабаттардың көлбеу бұрыштарын ескере отырып, тау-кен қазбаларының айналасында серпімсіз деформация аймақтарының қалыптасу ерекшеліктері анықталды, бұл жыныстардың бұзылу аймағының қазба осіне қатысты асимметриялық таралуын түсіндіруге мүмкіндік береді; – сандық моделдеу негізінде жақын орналасқан қазбалардың арақашықтығының, қабаттардың қалыңдығын ескере отырып, тау жыныстар сілеміндегі серпімсіз деформация аймақтарының қалыптасу және кеңістіктікте таралу заңдылықтары анықталды, бұл қатпарлы құрылымның тау-кен қазбалардың айналасындағы деформациялану процестеріне әсерін анықтауға мүмкіндік берді; – тау-кен қазбаларын бекіту схемалары мен параметрлерін таңдау бойынша тау жыныстарының орнықтылық категориясын, қабаттардың көлбеу бұрышын және геологиялық жағдайларды ескере отырып, ғылыми негізделген ұсыныстар әзірленді

		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Жүргізілген зерттеулерге сәйкес диссертацияда жасалған тұжырымдар мен қорытындылар толығымен жаңа және ғылыми тұрғыдан негізделген.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін пайдаланылатын техникалық және технологиялық шешімдер жаңашыл әрі ғылыми негізделген. Бұл шешімдердің тиімділігі пайдалы модельге алынған патентпен және беделді ғылыми журналдарда жарияланған мақалалармен расталған.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u>/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Ғылыми ережелер мен тұжырымдардың ғылыми және әдіснамалық негіздері, әзірленген ұсынымдар сенімді және негізделген болып табылады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? <u>1) дәлелденді;</u>	Қорғауға шығарылған 3 қағидаттар: 1 қорғалатын қағидат бойынша жауаптар: 7.1 дәлелденді

		2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді	7.2 жоқ 7.3 иә 7.4 кең 7.5 иә
		7.2 Тривиалды ма? 1) иә; 2) <u>жоқ</u>	2 қорғалатын қағидат бойынша жауаптар: 7.1 дәлелденді 7.2 жоқ 7.3 иә 7.4 кең 7.5 иә
		7.3 Жаңа ма? 1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u>	3 қорғалатын қағидат бойынша жауаптар: 7.1 дәлелденді 7.2 жоқ 7.3 иә 7.4 кең 7.5 иә
		7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u>	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u>	
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u>	Зерттеу әдістемесін таңдау диссертацияның тиісті бөлімінде негізделген және жан-жақты сипатталған. Ғылыми және практикалық маңыздылығы негізделген.

		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: <u>1) иә;</u> <u>2) жоқ</u>	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдана отырып, ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалану арқылы алынған. Атап айтқанда, RS2 бағдарламалық жасақтамасы көмегімен қатпарлы сілемде жүргізілген қазбалар айналасындағы деформация аймақтары модельделіп, зерттелген. Бұл әдіс зерттеу дәлдігін арттырып, алынған нәтижелердің сенімділігі мен нақтылығын қамтамасыз етеді.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): <u>1) иә;</u> <u>2) жоқ</u>	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденіп, расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Негізгі тұжырымдар сенімді және қолданыстағы ғылыми әдебиеттерге сілтемелер арқылы қолдау табады, бұл пайдаланылған әдебиеттер тізімінде айқын көрінеді.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша отандық және шетелдік авторларды қамтитын әдебиеттер көзі пысықталған. Алынған ақпарат нәтижелерді талқылау кезінде пайдаланылған.

9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: <u>1) иә;</u> <u>2) жоқ</u>	Жұмыста теориялық маңызы бар нәтижелер мен оларға негізделген тұжырымдар келтірілген. Тау кен қазбаларын бекіту түрі мен параметрлерін таңдау ұсыныстары жасалды
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: <u>1) иә;</u> <u>2) жоқ</u>	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Әзірленген ұсынымдар тау-кен жыныстары сілемінің орнықтылық санаттары мен геологиялық жағдайларын ескере отырып, қазбаларды бекітудің оңтайлы технологиялық схемаларын анықтауға мүмкіндік береді. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері оқу процесіне және өндіріске енгізу актісімен рәсімделіп, расталады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; <u>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Тәжірибеге арналған ұсыныстар жаңа болып табылады, атап айтқанда, салыстырмалы және талдамалық талдаулардың нәтижелерімен расталады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: <u>1) жоғары;</u> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазудың сапасы мен безендіру талаптарға сай орындалған, ескертулер жоқ.
11	Диссертацияға ескертулер	Жоқ	

12. Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Докторант мақалалары зерттеу тақырыбымен толығымен байланысты.
13. Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	8D07202 – «Тау-кен ісі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған «Тау жыныстарының қатпарлы сілеміндегі техногендік ашылымдарының параметрлерін геомеханикалық негіздеу» тақырыбындағы Жунусбекова Гаухар Жумашевнаның докторлық диссертациясы жаңа ғылыми нәтижелерді қамти отырып, тау-кен ісі саласындағы маңызды қолданбалы мәселелерді шешуге үлес қосады. Құрылымы мен мазмұны бойынша диссертация барлық нормативтік талаптарға сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылатын диссертацияларға қойылатын талаптарына сәйкес келеді деп есептеймін және Жунусбекова Гаухар Жумашевнаға 8D07202 – «Тау-кен ісі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру туралы ҚР ҒЖБМ

		Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті алдында өтініш білдіруді ұсынамын.
--	--	---

Ресми рецензент:

Техника ғылымдарының докторы,

«Экология және география»

кафедрасының профессоры,

«С.Аманжолов атындағы

Шығыс Қазақстан университеті» КеАҚ



Абдугалиева Г.Ю.